



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№06 (164), ШІЛДЕ, 2023



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы

СПАРТАКИАДА

2023

Мұнайшылар спартакиадасы - Маңғыстауда

«Қазмұнайгаз» ҰК АҚ еншілес және бірлескен кәсіпорындары қызметкерлерінің спорт сайысы Маңғыстауда жалауын көтермек. 10-13 шілде аралығында өтетін мұнайшылар спартакиадасында 500-ден астам спортшы бақ сынағалы отыр. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін спартакиада спорттың 11 түрін қамтиды. Назарларыңызға «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ «Спартакиада-2023» сайысының бағдарламасын ұсынамыз.

| № | Спорт түрі | Өтетін уақыты | Өтетін орны |
|----------------------------|--|---------------|---|
| 9 шілде (жексенбі) | | | |
| 1. | Мандат комиссиясы (тек команда өкілдері үшін) | 09.00 - 18.00 | ММГ кеңсесі |
| 2. | Төрешілер жеребесі (тек команда өкілдері үшін) | 18.00 - 20.00 | ММГ кеңсесі |
| 3. | Ашылу салтанатының дайындығы (тек команда өкілдері үшін) | 20.00 | Халық арена 17 ш/а |
| 10 шілде (дүйсенбі) | | | |
| 4. | Ашық есік күні (төрешілермен кездесу) | 11.00 - 12.00 | ММГ кеңсесі |
| 5. | Салтанатты ашылу рәсімі | 15.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 6. | Арқан тарту | 16.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 7. | Арқан тарту бойынша жеңімпаздарды марапаттау | 17.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 8. | Тіркеу, өлшеу, қол күресі бойынша жеребе | 18.00 - 19.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 11 шілде (сейсенбі) | | | |
| 9. | Үстел теннисі (ерлер/әйелдер) | 09.00 | "Сұңқар" үстел теннисі орталығы – 17-26 |
| 10. | Волейбол (әйелдер) | 09.00 | Ш. Есенов атындағы университеттің спорт кешені – 32 ш/а |
| 11. | Волейбол (ерлер) | 09.00 | «Батыр» спорт кешені 34А ш/а |

| | | | |
|----------------------------|----------------------------------|-------|---|
| 12. | Шағын-футбол | 09.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 13. | Кибер спорт | 09.00 | «Буткамп» компьютер клубы – 18А - 2 |
| 14. | Асық ату | 09.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 15. | Армрестлинг (ерлер/әйелдер) | 09.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 16. | Баскетбол | 14.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 12 шілде (сәрсенбі) | | | |
| 17. | Тоғыз құмалақ (ерлер/әйелдер) | 09.00 | Шахмат клубы – 5-38 |
| 18. | Шахмат (ерлер/әйелдер) | 09.00 | Шахмат клубы – 5-38 |
| 19. | Волейбол (әйелдер) | 09.00 | Ш. Есенов атындағы университеттің спорт кешені – 32 ш/а |
| 20. | Волейбол (ерлер) | 09.00 | «Батыр» спорт кешені - 34А ш/а |
| 21. | Шағын-футбол | 09.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 22. | Баскетбол | 14.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 23. | Жүзу | 16.00 | «Ақтау» ойын-сауық кешені – 16 ш/а |
| 13 шілде (бейсенбі) | | | |
| 24. | Волейбол (әйелдер) 3 орын, ФИНАЛ | 09.00 | Ш. Есенов атындағы университеттің спорт кешені – 32 ш/а |
| | Волейбол (ерлер) 3 орын, ФИНАЛ | | |
| 25. | Шағын футбол 3 орын, ФИНАЛ | 09.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 26. | Баскетбол 3 орын, ФИНАЛ | 10.00 | Халық арена – 17 ш/а |
| 27. | Салтанатты кештің жабылуы | 17.00 | Халық арена – 17 ш/а |

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Бірлестік белсенді қызметке дайын



Қазақта «Қарты бар елдің қазынасы бар» деген қанатты сөз бар. Кез келген сала ардагерінің маңдай тері мен ұзақ жылдар бойы жасаған қызмет өтілі кейінгі жастардың іс-әрекетіне бағыт-бағдар беріп қана қоймай, өмірлік тәжірибесі арқылы мемлекетке де тигізетін пайдасы орасан зор. Осы орайда жаңадан құрылған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ардагерлерінің бірлестігі туралы бірлестік төрағасы Ахметов Тұрарбек Халиоллаұлынан сұрап-білген едік.

кенімізде Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Мұрат Мұстафаев өзінің «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Еңбек ардагерлері қоғамдық бірлестігін құру туралы ұсынысын айтты. Осындай қолдаудың нәтижесінде 2023 жылдың 23 сәуірінде өзінің жарғысы, құрылтайшылары бар бірлестік заңды түрде

белсенді насихаттау, экскурсиялар, сауықтыру және мәдени іс-шаралар ұйымдастыру арқылы олардың денсаулығын нығайтуды жүзеге асыру да ойымызда бар. Бүгінде бірлестік құрамына өтуге ниет білдірген зейнеткерлер саны артуда.

тізімін жасақтау, кезекті үйлестіру; мұнай-газ өндіру саласында ұзақ жыл еңбек еткен зейнеткерлер есімін ұлықтау мақсатында тізім жасақтау сияқты т.б. міндеттер тұр.

Бүгінгі таңда Қоғамның 1538 зейнеткері бар, компания үнемі қамқорлық жасап, көмек пен қолдау көрсетуге тырысуда. Атап айтқанда, жаңа Ұжымдық шартқа сәйкес, зейнеткерлер үшін әлеуметтік пакет айтарлықтай жақсарды: мысалы, бұрын зейнеткерлер тек мұнайшылар күнінде ғана сыйлықақы алатын болса, енді – Наурыз және Тәуелсіздік күні мерекелері үшін де төлемдер қарастырылған. Әйел зейнеткерлер үшін 8 наурыздағы сыйлықақы құны 30 000 теңгеден 69 000 теңгеге дейін (20 АЕК) өсті. Сонымен қатар, зейнеткерлерді санаторлы-курорттық емдеумен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде, жыл соңына дейін 100 қарияны шипажайға жіберу және т.б. жоспарлануда. Сондай-ақ ауырып жатқан зейнеткерлердің қал-жағдайларына да назар аударылып, мүмкіндігінше дәрі-дәрмектеріне қаражат жеткізу де ойда бар.

- Бірлестік пен зейнеткерлер арасындағы кері байланыс қалай жүзеге аспақ?

Компания қоғамдық бірлестіктің толыққанды жұмыс істеуі үшін жөндеуден өткізіп, жиһаздармен және компьютерлік техникамен жабдықталған бөлмемен қамтамасыз етіп берді. Мекен-жайымыз: 12ш/а, 103 кабинет. Бірлестік жұмысына қатысты кез-келген сұрақтар бойынша 212-238 байланыс телефонына хабарласуға болады.

Алдағы уақытта қоғамдық бірлестік зейнеткерлерге жан-жақты қолдау мен көмек көрсетіп, түрлі мәселелер бойынша Қоғам Басқармасымен тығыз байланыста жұмыс істеп, кәсіпорын өміріне белсене араласатын болады. Мұнай-газ кешені ардагерлер институтын қалыптастырып, еліміздің дамуына үлес қосу мақсатында бірлестік өз міндеттерін одан әрі жоғары дәрежеде жалғастыра бермек.

Арайлым Акшаева

- Алдымен өзіңіз туралы толығырақ айтып өтсеңіз...

- Мен, 1957 жылы бұрынғы Гурьев облысы, Денгиз ауданы, Кудряшовский ауылдық кеңесінде дүниеге келдім. Мектепті бітіргесін училищеге түсіп, электргазбен дәнекерлеуші мамандығын алып шықтым. Жолдамамен Гурьевтегі Каспий маңы мұнайгаз барлау экспедициясына өз мамандығыммен жұмысқа тұрдым. Кейін 1982 жылы «Маңғышлақмұнай» басқармасы «Жетібаймұнай» МГӨБ ПЖПЖЦ электр газбен дәнекерлеуші болып ауыстым. Осы сәттен бастап, әртүрлі қызметтерді атқара жүріп учаске бастығына дейін көтерілдім. Жылдар бойғы жинаған абыройлы қызметтің нәтижесі ретінде басшылар тарапынан түрлі марапаттарға да ие болдым. Қазіргі таңда зейнет жасында болсақ та, Компаниямыздың болашағына бей-жай қарамай, оның тұрақты әрі табысты дамуына өз мүмкіндігімізше қолғабыс тигізу ниетіміз бар. Сол арқылы зейнеткер ардагерлеріміздің әлеуметтік жағдайын жақсарту да басты назарда.

- Ендігі кезекте өзіңіз бас болып құрған бірлестік туралы толық айтып берсеңіз..

Барлығы зейнеткерлердің жағдайларын жақсарту түссек деген ниеттен басталды. Осы мәселелермен бірнеше зейнеткер болып басшылықпен кездес-



құрылған болатын. Жалпы бірлестік «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жылдар бойы ел экономикасын дамытуға үлес қосқан ардагер мұнайшылардың басын қосу арқылы мұнай-газ кешені ардагерлерінің саланы дамытуға, мамандардың ғылыми және техникалық шығармашылығына, өндіріске инновацияларды енгізуге, жас мамандарға тәжірибе беруге және Қазақстанның мұнай және газ өнеркәсібін дамытудың негізгі кезеңдері туралы тарихи естеліктерді сақтауға бағытталған қызметін ұйымдастыру және жәрдемдесу мақсатында құрылды. Сондай-ақ, ардагерлерді еңбектік және шығармашылық белсенділікке тарту, салауатты өмір салтын

- Алда атқарылатын қандай жұмыс-жоспарлар бар?

Қазіргі таңда бірлестіктің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары бар. Сол құжатты негізге ала отырып, көптеген маңызды істерді атқару ойда бар. Оның ішінде ең бастыларына тоқталатын болсақ: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен бірлестік арасындағы Өзара ынтымақтастық туралы Келісімге қол қою; Маңғыстау өңірі Жетібай кенорнында алғашқы мұнай көзін ашқан, «Социалистік еңбек ері» атағын алған Салық Рысқалиұлы тұрған үйге белгі орнату жұмыстарын ұйымдастыру; шипажайларға берілетін жолдамаларды үлестіру үшін ардагерлер

Быть готовым к любой ситуации

Работники АО «Мангистаумунайгаз» продолжают совершенствовать свои навыки в области гражданской обороны, предупреждения чрезвычайных ситуаций и т.д. Ведь очень важно, чтобы члены коллектива были хорошо подготовлены к действиям в экстремальных условиях, и знали способы сохранения жизни и здоровья людей до прибытия специальных служб.

15-16 июня группа работников Общества успешно прошла внеплановое обучение по теме «Командиры формирования гражданской защиты». Обучение проходило на базе Департамента по чрезвычайным ситуациям Мангистауской области.



В ходе учебного семинара нефтяники прошли теоретический курс по предупреждению чрезвычайных ситуаций, организации и подготовки персонала работ к действиям в условиях чрезвычайных ситуаций природного или техногенного характера и др.

Помимо теоретических занятий, наши коллеги посетили музей ДЧС, ознакомились с историей становления спасательной службы, с редкими архивными материалами и фотографиями, большой интерес у посетителей вызвали уникальные, исторические экспо-



наты, различные костюмы и средства индивидуальной защиты и т.д.

Кроме того, специалисты ДЧС в гаражных боксах показали нефтяникам специальную технику, пожарное оборудование, рассказали об особен-

ностях такой важной и в то же время опасной работы, показали боевую экипировку, а также дали ее примерить.

По итогам учебного семинара нефтяникам были вручены сертификаты государственного образца.

Еңбектен тапқан бақытын

Таудай талабы мен еңбегінің арқасында көркейген жандар аразымызда аз емес. Еңбекті жанына етене тұтып, еңбекпен есейген сондай жандардың бірі Байсаров Самат – Жетібаймұнайгаз өндірістік басқармасы, екінші мұнай-газ өндіру цехында 5-разрядты оператор болып тынымсыз еңбек етіп келеді.



Еңбек мектебінен алған тәлім адамға өмірлік азық болатынын алдыңғы буын ағалар дәлелдеп кеткен. Сол еңбек адамдарының ізін жалғап, үздіктер қатарынан көрініп жүрген кейіпкеріміз Самат Масқарұлы 1973 жылы бұрынғы Ералиев ауданы, Жетібай ауылында дүниесі ашады. Әкесі Масқар өмір бойы автобазада арнайы техниканы басқарып, отбасын асырады. Анасы Сәлима апа Батыр ана атағын алған көпбалалы ана, он баланы тәрбиелеп, әр қайсысына арнаулы орта, жоғары білім алуларына аналық көмегін көрсеткен.

Самат аға орта мектепті ойдағыдай аяқтап, 1990 жылы Ақтау қаласындағы СПТУ-1 училищесіне мұнай-газ операторы мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны ойдағыдай аяқтап шықты. Еңбек жолын 1991 жылы Жетібайдағы мұнай газ өндіру басқармасында мұнай және газ операторы болып бастады. Кейін әскерге шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеп, елге абыройлы оралады. 1993 жылы қайтадан бұрынғы жұмыс орнына орналасып, сол уақыттан бері №2 мұнай және газ өндіру цехының 22-топтық қондырғысында қызметін адал атқарып келеді.

Өзінің қажырлы адал еңбегінің арқасында еңбек ұжымында сыйлы. Тиісті жұмысты тиянақты орындай білетін жұмысшыға барлық әріптестері де қолдау көрсетіп, зор сенім артады. Оның адал да елеулі қызметіне басшылығы да дән риза. Өндіріске ең алғаш келгенінде бар білгенін аямай, ерінбей үйретіп, өзінің ақыл-парасатымен алға жетелеген марқұм ұстазы Рахимов Финадулла және әлі де өндіріс қазанында бірге қайнап, саптан қалмай жүрген Досмухамбетова Роза апайларға көп нәрсені үйреткен ұстаздары ретінде алғысы шексіз.

– Кез келген жұмысқа немқұрайдылықпен қарау – табиғатыма жат дүние. Бала кезімнен мұнай ұңғымалары самсап бой көтерген ауылда өскендіктен мұнай саласынан әрі асып кете алмадым. Ағаш бір

жерде көгереді деген ұстанымды әкеміз өнеге етіп қалдырды, сондықтан отыз жылдан астам уақыт осы жерде қызмет етіп келемін. Мен жұмыс жасайтын 22-топтық қондырғыда 40 шақты ұңғыма бар. Күнде арнайы құралдармен сол ұңғымалардың қалыпты жұмысын тексеріп, үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етеміз. Арнайы прибормен параметрлерін өлшеп, журналға түсіреміз. Қазір техниканың бәрі ақылды. Бұрынғыдай емес, жұмыс әлдеқайда жеңілдеген. Ол, әрине, техникалардың жаңаруының нәтижесі. Арнайы киімдер мен жаңа технологиялар да келіп жатыр. Осылайша тынбай тер төгудің арқасында біраз нәрсе үйренгендейміз, – дейді қанағатшылдықтың қарапайым үлгісін көрсете білген Самат ағай. Сайын далада сап түзеген мұнай ұңғымаларының сәніне көз тоймайды. Соларға қарап тұрып-ақ көңілің көтеріледі. Өзің бас-көз болып, күтіп-баптаған ұңғымалар үздіксіз мұнай беріп тұрғанын көргенде бүкіл қиындықты ұмытып, марқайып қаласың. Осылай бір ауысымнан, келесі ауысымға дейін жұмысымыз жалғаса береді, – дейді кейіпкеріміз.

Ол тек іскер азамат қана емес, жан жолдасы Асылхан апаймен бірге 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отырған әулетінің қамқоршысы. Бүгінде балаларының алды жоғары оқу орындарын бітіріп, бір-бір маман иесі болса болса, кішісі мектеп жасында. Жұмыстан тыс уақытта шағын футбол, волейболға қызығушылық танытатыны бар. Жай қызығушылық танытып қана қоймай, цех аралық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып та жүр.

Ел іші мұнай-ел ырысы, болашақтың бастауы екендігін жақсы біледі. Сондықтан да бабалардан қалған қазына байлықты төкпей-шашпай келер ұрпаққа аманаттап кетуіміз үшін бетін күнге қақтап, даланың ыстығы мен суығына қатар төзетін еңбек адамдары қашанда мақтанышымызға айнала бермек.

Арайлым Акшаева

Маңдай тердің мерейі

Перзенттік борыш ұғымы туған елді өркендетуге ғұмыр арнау деп ұғынсақ, Әділбек Жұмалының өз тұғырластары сияқты туған Маңғыстауының өсуі, көркеюі жолындағы парызына адал жандардың бірі. Бүгінде «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ технологиялық сұйықтықты дайындау цехында қызмет істейтін ол 40 жыл еңбек өтілінде жақсы сөз, абыройлы атақ арқалаған жан.

Жастайынан жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарайтын Әділбек өнегелі әулетте өніп, өсті. Әкесі Қалмырза Жұмалыұлы – Ұлы Отан соғысының ардагері. Елге оралған соң бұрынғы Гурьев облысының Маңғыстау және Есбол аудандарында 50 жылдай ауыл шаруашылығы саласында басшылық қызметтер атқарды. Анасы Қанбала Ізтұрғанқызы – тылда еңбек етіп, халық шаруашылығын қалпына келтіруге қатысқан, көп балалы ана.

Кейіпкеріміз 1979 жылы С.Жанғабылов атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Кеңес әскері қатарында 2 жыл әскери борышын өтеді. 1983 жылы Қаламқас кенорнына жер асты жөндеу жұмыстары жөніндегі оператор болып орналасып, содан бері осы салада аянбай тер төгіп келеді. Еңбекпен есейген маман кәсіби білімін толықтыра жүруді де естен шығармаған екен.

– Өндірістен қол үзбей жүріп, мұнай және экономика саласына қатысты арнаулы және жоғары оқу орындарын бітірдім. 2010 жылдан бастап Қызылқұм кенорнындағы Қияқты ауыз су өндіру және жеткізу бөлімшесінде ауысым шеберімін. Бөлімшеде алғаш қызмет жасап бастаған уақыттан бері көптеген оң өзгерістер байқалады. Мұнда жұмыс істейтін мамандардың кәсіби шеберлігі артты. Бөлімшенің

материалдық техникалық жағдайы, жаңа технологиялық құралдармен қамтылуы айтарлықтай жақсарды, – дейді білікті маман.

ТСД цехы мұнай өндіру ісінде мұнай қабаттарының өнімділігін арттыру үшін пайдаланылатын технологиялық сұйықтарды дайындаумен айналысады. Ал, Әділбек Қалмырзаұлы жұмыс істейтін Қызылқұм кенорнындағы Қияқты бөлімшесіне Бозащы түбегіндегі мұнайшыларды ауыз сумен қамтамасыз ету міндеті жүктелген. Бұл бөлімшеде күніне орта есеппен 400-600 текше метр сапалы ауыз су өндіріліп, дайындалады. Ұжымда бір ауысымдағы 9 адам ауыз суды жоғары деңгейде өндіруге күш салып келеді.

– Ауысым шебері болып жұмыс жасап жүріп, ұжымның басы қосылмаса іс өнбейтініне көзім жетті. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді екен. Біздің бейнетіміз ортақ, бақытымыз – бір. Компанияның дамуы, елдің өркендеуі, жердің гүлденуі – бірліктің, тынымсыз еңбектің арқасы, – дейді Әділбек Жұмалы.

Өткенсіз бүгін жоқ. Ұрпақ алмасып, өмір жалғасқанмен, 40 жыл ел игілігіне қызмет еткен қара алтынның әрбір тамшысында Әділбек секілді еңбек адамдарының маңдай тері, қажырлы қайраты жатыр.

Жаннат НҰРФАЛИ





МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ
1963-2023

Кешегі күн – бүгінгі тарих

Биыл Компаниямыз үшін атаулы жыл. Маңғыстау мұнай өнеркәсібінің қара шаңырағы - «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ 60 жыл толады. Қазыналы өлкеде кең қанат жайған бұл жетекші өндіріс саласының даму тарихы, бүкіл облыстың индустриялы өркендеуінің ең әуелі осы кәсіпорыннан бастау алады.

Іргетасы 1963 жылдың қараша айында «Маңғышлақ-нефть» өндірістік бірлестік ретінде қаланған «Маңғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамы бүгінде Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіретін бірден-бір ірі кәсіпорын қатарында.

Компаниямыздың осындай дәрежеге жетуінің басты себебі - жылдар бойы ел экономикасын дамытуға үлес қосқан мұнайшылардың еңбек дәстүрі, олардың ерлікке толы еңбек жолы, сонау 60-жылдардан бастап жанқияр-

лықпен еңбек етіп, қасиетті өлкеде жаңа кәсіпорындар, қалалар мен елді мекендер пайда болуына бар ғұмырын арнаған, Қазақстанның Тәуелсіздігіне үлес қосқан аға ұрпақтың ерлікке бергісіз еңбегі, өмір жолы дей аламыз. Өңірдегі мұнай саласының дамуынан, өткен тарихынан, мұнайшылардың еңбек жолынан мағлұмат беретін деректер арқылы өткен тарихымызды, елге еңбек еткен майталман мұнайшыларды танып-біліп, тағылым мен тәлім алатынымыз сөзсіз.

Осыған орай үстіміздегі жылы «Мұнайлы Өлке» газетінің редакциясы мұрағат материалдары (бұйрықтар, қаулылар т.б.) мен фотосуреттерін басып шығаруды жоспарлап отыр. Себебі, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру, тарихты таразылай отырып, өткенді танып-білу парызымыз.



1980 жылдың 2 қарашасында Қаламқас кенорнынан бір миллионыншы тонна «қара алтын» өндірілді. Құрметті вахтаға шебер Көшербай Әлібаев бастаған операторлар Мария Өтегенова, Орынбасар Шадияров, Әділғазы Мұстапин тұрды.



1981 жылдың 10 тамызында маңғыстаулық мұнайшылар 200 миллион тонна «қара алтын» өндіруге қол жеткізді.



Лениндік сыйлықтың лауреаты Валентин Токарев және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары Жұма Байболов пен Сүйеген Салманов



Ұңғымадан сынама жинау




Өндірістің озық шебері, Жетібай кәсіпшілігінің операторы С.Әбенова



ММГБ КЭ бұрғылау шебері Ж.Тоқжанов өз бригадасымен (сол жақтан бірінші)



1981 жыл



Жетібай кенорнынан атылған алғашқы фонтанға орнатылған обелиск

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Жаз қызығы – жақсы демалыс

Мектеп жасындағы балалар үшін жаз мезгілінің маңызы ерекше. Өйткені жыл бойы ұзақ оқу мен емтиханнан өткен бала демалысты асыға күтетіні белгілі.

Биыл да «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы жылдағы дәстүр бойынша Ұжымдық шартқа сәйкес, балалардың жазғы сауықтыру демалысын жоспарланған кезеңге сай бастады. Осы жылы Қоғам қызметкерлерінің 7-13 жас (қоса алғанда) аралығындағы балаларына жазғы демалысын Астана, Алматы және Ақтау қалаларындағы сауықтыру орталықтарында өткізуге мүмкіндік беріліп отыр.



Атап айтсақ, 5 маусым күні алғашқы лектегі 100 бала Астана қаласындағы «Айналайын» демалыс орнына аттанып, лагерь бағдарламасындағы көрсетілген жоспарға сәйкес, белсенді демалуға кірісіп кетті.

Жалпы алғанда, үш ай жаз бойы жиыны 1900 бала еліміздің ең үздік лагерлерінде демалып, жаңа оқу жылына зор құлшыныспен кірісетін болады. Компания қызметкерлері балаларының шығармашылық қабілетін шыңдап, олардың жаңа орта тауып, ел көріп, жер тануға деген ниет-тілектері әрқашан ескереді. Алдағы уақытта да, Компанияда атқарылатын мұндай игі іс-шаралар жалғасын таба бермек.

Отбасылық эстафета өткізілді

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Батыр» спорт кешенінде «Әкем, анам және мен – біз спорттық жанұя!» деген ұранмен компания қызметкерлерінің отбасылары арасында эстафетадан жарыс өтті.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 60 жылдығы аясында ұйымдастырылған сайысқа 9 команда қатысты. Аталған сайыс ұжымдағы ауызбіршілікті арттыру, ата - аналар мен балалары арасындағы қарым - қатынасты нығайту, балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатын көздейді. Эстафетаның ашылу салтанатында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әлеуметтік және әкімшілік

мәселелер жөніндегі орынбасары Нұрпейіс Сәрсенбай құттықтау сөз сөйлеп, әр отбасы үшін бала тәрбиесі жоғары құндылық екенін атап өтті.

Командалар допты шоршытып алып келу, себетке доп лақтыру, қаппен секіру, отбасылық жүгіру секілді сайыстың ережелерін бұлжытпай орындауға тырысты. Қазылар алқасы сегіз түр бойынша балдық жүйемен командалардың белсенділігін бағалап, шын жүйрікті анықтауға ден қойды.

Сонымен, сайыс қорытындысы бойынша Камаевтар отбасы жүлделі 1-орынды жеңіп алды. Әлібаевтар отбасы 2-орынға тұрақтаса, жүлделі үштікке «Жалын» тобы жайғасты.



Бүгінде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында газ дайындау тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехының механигі болып қызмет істейтін Қолғанат Камаевтың отбасы мүшелері спортпен жиі айналысады. Кіші ұлы «Каспий» спорт клубында футбол ойнайды. Республикалық турнирлердің жеңімпазы.

«Бүгінгі ойын өте тартысты өтті. Ең қызығы, 9 команда арасында ең ардагер отбасы болдық. Өзім мектеп кезінен спортқа бейіммін. Жақында «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ спартакиадасының іріктеу кезеңінен сүрінбей өттім. Баскетболдан құрама команда сапында өнер көрсе-

темін, - дейді сайыс жеңімпазы Қолғанат Камаев.

Тартысты өткен спорт додасында өзге де командалар «Ең епті жанұя», «Ең қырағы жанұя», «Ең алғыр жанұя», «Ең ұйымшыл жанұя», «Ең тапқыр жанұя» атты номинацияларға ие болды. Сайыстың барлық қатысушыларына арнайы дипломдар мен сый-сияпаттар табысталды.

- Бұл эстафета бүлдіршіндерге ерекше сый болды. Тәні саудың – жаны сау демей ме? Салауатты өмір салтын бірге насихаттайық, - дейді спорт бойынша жетекші нұсқаушы Нұрлан Элубаев.



Білікті басшы – білімді маман

Қазыналы түбектің қара алтын өндіретін алып қондырғыларды электрмен жабдықтап, қызмет көрсететін «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС-нің білікті мамандарының бірі – Серік Жентров.

1995 жылы Алматы политехникалық институтының «инженер-энергетик» мамандығын тәмамдаған ол алғашқы еңбек жолын 1995 жылы Бейнеудегі ЭТС-да 4 білікті электромонтерден бастады. Осы қызметтің диспетчері, «МӨЭК» АҚ инженері, 2001 жылдан бастап «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС-нің Жетібай кенорнында баптау және сынақтау жөніндегі инженері, соңынан ауысым бастығы, 2007 жылдан бастап бүгінге дейін «Релелік қорғау, автоматтандыру және сынақтау» қызметінің бастығы болып қызмет атқарып келеді.

Серік Жентров тек «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС-нің ғана емес, бүкіл Маңғыстау облысының энергетика саласында еңбек етіп жүрген білікті маман, заманауи шебер ұйымдастырушылардың қатарынан ойып тұрып орын алады.



Заман ағымына сай, жаңа технологиямен жабдықталған Серіктестік дамуында С.Жентровтың жетекшілігімен Қаламқас, Жетібай кенорында «Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін» енгізу арқылы заманауи бірқатар цифрландыру жобалары жүзеге асты. Әрине технологиядағы бір ғана осы жаңалық релелік қызметтің көп жұмыстарына мұрындық болғандай, жыл басынан МТМ, ТҚ және БТТС

электр қозғалтқыштарын басқаруға арналған жиілікті түрлендіргіштермен, сондай-ақ заманауи технологиялық құрылғылармен жабдықталған басқару станциялары пайдалануға берілді. Осындай жабдықталған электр станциялары цифрланған жоғары технологиялық құрылғыны реттеу арқылы қызмет көрсетеді. Әрине Серіктің бірнеше жылғы қызметте жинаған тәжірибелері оның іздемпаздығы мен жоғары қабілеттілігін одан сайын ұштауда.

Серік Жентров «МЭМ» ЖШС құрылуының 20 жылдығы мен Энергетиктер Күніне орай, «МЭМ» ЖШС Құрмет Грамотасымен, «Қазақстан Республикасының Энергетика» Күніне орай, Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерейтойлық медалімен, Қазақстан электр энергетикасы қауымдастығының «Құрметті энергетик» орденімен, Қазақстан Республикасы Министрлігінің «Құрметті энергетик» төс белгісімен, Қазақстан электр энергетикасы қауымдастығының «ЭПРО жоспарына 100 жыл» медалімен марапаттады.

Әріптесіміз биылғы жылдың жазында ердің жасы – 50-ге аяқ басты. Осы ширек ғасыр ішінде адал еңбекпен абыройға бөленген әріптесімізді мерейлі жасымен тағы да «МЭМ» ұжымы атынан құттықтап, осы қызметте шығар биігіңіз көп, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын демекпіз.

М.Бертілеуова
«МЭМ» ЖШС аға есепшісі

Шеберлікке шыңдаған сессия



Ақтау қаласында «Oil Services Company» ЖШС топ менеджерлері, кәсіподақ төрағасы және бөлім қызметкерлері қатысуымен 3 күндік Адизес әдісімен компанияға синергетикалық ұйымдық диагностика сессиясы өткізілді.

3 күндік сессия аясында Адизес тәсілі бойынша компаниядағы кедергілерді анықтау, жіктеу және бағалау, қысқа және ұзақ мерзімді перспективада өнімділіктің оңтайлы деңгейіне қол жеткізу үшін компания не істеу керектігін анықтау, өзгерісті бастау,

қақтығыстарды басқару және өзара қарым-қатынас қалыптастыру атмосферасын құру және командалық рухты күшейту бағыттары бойынша серіктестіктің қызметкерлері тәжірибелік форматта біліктіліктерін шыңдады.

Сонымен қатар менеджменттің функциясы мен рөлі, менеджменттің стилдері және компанияның өмірлік циклдегі орнын анықтау тәсілдері түсіндірілді.

«Oil Services Company» ЖШС

Ұжымды біріктірген спорт

Жұмысшылардың денсаулығын нығайтып, ұжым арасындағы ауызбіршілікті сақтауға ықпал ететін дене шынықтыру және спортпен айналысуға жағдай жасау компания әлеуметтік саясатының басты ұстанымы.

Биыл талантты спортшыларды анықтау мақсатында ұжымда спорт жарыстары ұйымдастырылып, жеңімпаздар «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ компаниялар тобы арасында өтетін «Спартакиада-2023» іріктеу турына қатысты.

Мини-футбол, волейбол, жүзу, армреслинг, кибер-спорт, арқан тарту, асық ату, шахмат, тоғыз құмалақтан өткен іріктеу ойындарында серіктестік жұмысшылары жақсы ойын көрсетті.

Шиеленіскен тартыс нәтижесінде киберспортшылар - Азамат Абдуллаев, Олег Селиверстов, Әлібек Накиман, Тағанмұрат Ернұр, Абзал Жұмабаев жеңімпаз атанды.

Ал баскетболдан Мұхамбет Қаржаубаев, Тасқынбай Көптілеуов, Ерлан Серікбергенов, Қуаныш Тұржанов, Руслан Қарымсақов, Серік Есіркепов, Нұрбек Ыбраев, Беркін Көбеков, Нұрдәулет Лесеров, Рустам Нысанов сынды жігіттер екінші орынды меншіктеді. Волейболшы қыздар Зәкия Ереулова, Айман Есбосын, Рысқұл Ермағамбетова, Айман Маратова, Бұлбұл



Рысқұлова, Лаура Әкімова, Қарлығаш Қаржаубаева, Нұрия Дихановалар да намысқа тырысып, екінші орынды жеңіп алды. Мини-футболдан Қадыр Пәвиз, Қанат Меңлікұлов, Серғазы Қадиханов, Орынбек Карикаев, Ержан Қоразов, Мейірмен Ерғалиев, Болат Тілепов, Нұржан Олжабаев, Әлібек Қадыр, Әділжан Темірханұлы үшінші орынды қанағат тұтты.

Қазіргі таңда кенорын аумағында заманға сай ойын алаңдары жасақталып, спортпен белсенді айналысуға мүмкіндік зор. Бұдан бөлек, «Маңғыстау арена», «Орбита», «ЛЛС Арена» спорт кешендерінде ұжым мүшелері тұрақты жаттығады. Серіктестік көрсеткен қамқорлық пен қолдау болашақта жұмысшылардың спортта зор жетістікке жетуіне жол ашақ.

А.Есбосын
«Oil Construction Company» ЖШС

Серіктестік қызметкерлері сенбілікке шықты

5 маусым - Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында «Мұнайтелеком» ЖШС әкімшілігі жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген «Самал сайы» шатқалында сенбілікке шықты. Сенбілікке Серіктестік басшылары мен қызметкерлері, Кәсіподақ өкілі және жас мамандар кеңесінің жастары белсене қатысты.

«Самал-Сай» аумағын тазартуға 80-ге жуық қызметкер жұмылдырылды. 30 қап қоқыс шығарылып, арнайы полигонға тапсырылды. Сенбілікті сәтті аяқтаған ұжым мүшелері жақын маңдағы Шерқала тауына экскурсия жасап, киелі жерлермен етене танысты.

Компания қызметкерлерінің ауызбіршілігін арттырып, ортақ іске жұмыл-

дырып қана қоймай, тазалықты насихаттайтын игі шара көптің көкейінде жақсы әсер қалдырды.

– «Тазалық – табалдырықтан басталады» демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті, - дейді сенбілікке қатысушы.

«Мұнайтелеком» ЖШС



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Ардагерлерге құрмет

Биыл Компаниямыз үшін атаулы жыл. Егемен Қазақстанның мұнай саласына қуатты серпін берген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ – 60 жыл толады. Экономикамыздың қозғаушы күшіне айналған Қоғам бүгінде кең қанат жайып, өндіріс саласының алыбына айналды.

Осының барлығы жылдар бойы еселі еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың салаға қосқан зор үлесі. Ардагерлеріміздің мұнай саласындағы қажырлы еңбектері нәтижесінде отандық мұнай-газ кешенінің дамуында маңызды қадамдар жасалып, келешек ұрпаққа осы саланы

меңгерудегі талпынысты арттыруға жолашылды.

Мұнайлы өлкеміздің дамуына және өсіп-өркендеуіне аянбай үлес қосқан аға буын өкілдеріне, ардагерлерімізге қандай құрмет көрсетсек те лайықты. Ардагерлерімізді алда келе жатқан кәсіби мерекесімен құттықтай отырып, отбасыларына бақыт, өздеріне мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз! Осы орайда, «Мұнайлы Өлке» газетінің редакциясы газеттің әр санында мерейлі жасқа толған ардагерлерімізді тұрақты түрде жариялап отыруды жөн санадық.

Құттықтаймыз!

80 жас

Ізімов Сүйеуғали - 03.07.1943 ж.

70 жас

Сатиева Тұрағал - 10.07.1953 ж.
Нұрниязова Сәулеш - 12.07.1953 ж.
Қаюпов Бақтияр - 15.07.1953 ж.
Үргешбаев Мақсат - 18.07.1953 ж.
Нүрекешеова Несібелі - 20.07.1953 ж.

Всеобщее декларирование: нефтяники соблюдают график

В акционерном обществе «Мангистаумұнайгаз» продолжают работы по обеспечению всеобщего декларирования доходов и имущества работниками Общества.

Накануне группа работников АО «Мангистаумұнайгаз» во главе с руководителем финансового департамента Шолпан Ильмуханбетовой, совместно с представителями Управления государственных доходов по городу Актау, в рамках разъяснительных работ встретилась с нефтяниками Каламкаса (II вахта). В ходе встречи специалисты

в доступной и понятной форме дали ответы на волнующие работников вопросы, а также наглядно показали, как заполнять декларацию по форме 250 посредством приложения eSalary Azamate.

Напомним, что с 01.02.2023 года, в соответствии с требованиями Налогового кодекса Республики Казахстан, все работники АО «Мангистаумұнайгаз» обязаны подать налоговую декларацию за 2022 год в налоговый орган по месту жительства (пребывания).

На сегодняшний день более 70% работников АО «Мангистаумұнайгаз»



уже сдали декларацию.

Срок подачи деклараций:

- в случае представления на бумажном носителе - не позднее 15 июля текущего года;
- в случае представления в электронном виде - не позднее 15 сентября текущего года.

* * *

- Предупреждение (в случае не своевременной подачи декларации),
- Штраф в размере ЗМРП (за повторное совершение вышеуказанного деяния в течение года после наложения административного взыскания)

В целях оказания консультационной помощи на номера мобильных телефонов работников Общества были направлены ссылки на обучающие уроки: «Вопросы декларирования доходов и активов», где дано подробное пояснение как заполнить формы 250.00 и/или 270.00 на государственном и русском языках.

- <https://www.instagram.com/tv/CqgZE8bI00V/?igshid=ZTE2MDY0MWU>

- <https://youtu.be/gz4veyqJ6vA>
(на казахском языке)

Код доступа к обучающему уроку: SgCA9+5\$
<https://us06web.zoom.us/rec/share/O8WpvhD93GNXKuS6-vEiYRzdUvXaWl4TtRSOGUOQVd-DcJV72ybuGBvxyUy0-cu91cDpiV6HCNsJ>

Для работников у которых нет доступа к компьютеру ссылка на обучающие уроки будет направлена посредством СМС на личный мобильный телефон.

Просим Вас внимательно ознакомиться с пояснениями и сдать декларацию удобным для Вас способом.


Также сообщаем, что в целях оказания помощи нашим работникам, в офисе, а также в производственных управлениях Общества прорабатывается возможность проведения разъяснительных и консультационных работ, а также организация мест для оказания содействия и помощи в заполнении деклараций с участием специалистов Управления государственных доходов г.Актау.

О времени и месте проведения разъяснительных работ Вам сообщит ваш непосредственный руководитель.

Правление АО «Мангистаумұнайгаз»

Өмірі өнегелі азамат еді...

Өткенді ұмытпау, өткенді ұлықтау – тірілердің парызы. Қайпиев Болатбек ағам отбасының ғана емес, әріптестерінің, қала берді ауылдастарының сеніміне селкеу түсірмеген, жаны жайсаң жан еді.



Ол 1996 жылдан бері мұнай саласында өз жұмысына адал еңбек етіп келді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жүйесіне 27 жылдан астам уақытын арнаған Бекең отбасына өнегелі, жұмысына берік, ұжымға сыйлы азамат болатын. Ол кісінің жүріс-тұрысы, түр-тұлғасы, бәрімізге ақыл-парасат пен ұстамдылықтың үлгісіндей көрінетін.

«Әке көрген – оқ жонар» - демекші Бекеңнің артынан ерген үш баласы да әкесінің жолын қуып, қазіргі таңда олар да осы салада мұнайшылар әулетінің ізін жалғап келеді.

Бекең өмірінің соңғы кезеңдерінде жаңа ұжымдық шарт қабылданып уақытта цехком атынан жұмысшылардың мүддесін қорғауға үлкен үлес қосқан болатын. Сұм ажалға шара барма, өткен айда еңбек демалысын алған уақытында ағам кенеттен қайтыс болды. Сол қаралы күндерде жанымызда табылып, садақалары мен жаназа намазында басынан аяғына дейін қолдан келген көмегін аямаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшыларына, соның ішінде «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ОИТҚ басшысының орынбасары – Алмас Бержанов, МКДАЦ цех басшысы – Алтай Алсихов, оның орынбасары – Қуанбай Батырхан, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының 1-орынбасары – Мақсат Нұрғабылов сияқты атсалысқан барлық азаматтарға және кәсіподақ ұйымына, барлық ұжымдастарына айтар алғысымыз орасан зор.

Барлықтарыңызға Алланың нұры жауып, еңбектеріңіз жемісті бола берсін дегіміз келеді.

Мақсат Қайпиев

Уважаемые коллеги!

С 01.02.2023 года, в соответствии с требованиями Налогового кодекса Республики Казахстан, **все работники АО «Мангистаумұнайгаз» обязаны подать налоговую декларацию за 2022 год в налоговый орган по месту жительства (пребывания).**

Обращаем ваше внимание, что указанные декларации в налоговый орган также обязаны подать и ваши супруг (супруга).

Работники, которые **будут подавать декларацию впервые, обязаны представить декларацию «Об активах и обязательствах» по форме 250.** В последующие годы должна подаваться декларация «О доходах и имуществе» по форме 270.00.

Работники, **подававшие в 2022 году** декларацию «Об активах и обязательствах» по форме 250.00, в 2023 году подают декларацию «О доходах и имуществе» **по форме 270.00.**

Срок подачи деклараций:

- в случае представления на бумажном носителе - не позднее 15 июля текущего года
- в случае представления в электронном виде - не позднее 15 сентября 2023 г.

Внимание!

За несвоевременную подачу декларации и отражение недостоверных сведений, Законом Республики Казахстан предусмотрена персональная ответственность каждого гражданина Республики Казахстан!

В случае не подачи декларации и/или отражения недостоверных сведений, уполномоченный орган вправе привлечь к административной ответственности (п.2-1 ст.272 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»). Это означает, что к работнику и/или его супругу (супруге) могут быть применены следующие меры административной ответственности:



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Актау қаласы
6 ш.а., №1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, №9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

"ADVER" ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000